

КОМПАНИЯНЫҢ ЖОҒАРҒЫ БАСШЫЛЫҒЫ



Питер Фостер Президент

Питер Фостер мырза авиациялық бизнестегі мансап жолын Cathay Pacific Airways Ltd. құрылтайшысы болып табылатын John Swire and Sons (HK) компаниясында тағлымдамадан өтуші басшы лауазымынан бастады, бұл компанияға ол Кембридждегі университетті бітіре салысымен 1982 жылы келген болатын. 1982 жылдан бастап 1999 жылға дейін қоса алғандағы кезеңде Cathay Pacific Airways Ltd әуе компаниясының Гонконгтағы, Азиядағы, Австралиядағы және Еуропадағы менеджері, содан соң аға менеджері ретінде жұмыс істеді, INSEAD (Франция) институтында іскерлік басқару бойынша оқытудан өтті. Фостер мырза Cathay Pacific Airways әуе компаниясынан 1999 жылы кетіп, Philippine Airlines Inc. компаниясының оңалту тобын басқарды. Кейіннен, 2002 жылдан бастап 2005 жылға дейін қоса алғандағы кезеңде, «Эйр Астана» әуе компаниясының Президенті лауазымына тағайындалғанға дейін Royal Brunei Airlines әуе компаниясында бас атқарушы директор болып жұмыс істеді. 2015 жылы Питер Фостер Қазақстанда британдық авиацияны дамытуға сіңірген еңбегі үшін Британдық империя орденінің (OBE) кавалері атағына ие болды.



Алма Әлиғожинава Жоспарлау жөніндегі атқарушы директор

Алма – «Эйр Астана» әуе компаниясында оның қалыптасуының бастапқы кезеңінде – ұшуды жүзеге асыру басталғанға дейін 2001 жылы жұмыс істеп бастаған

алғашқы қызметкерлердің бірі. Алма өзінің мансап жолын корпоративтік даму жөніндегі менеджер позициясынан бастап, содан соң мансаптық өсудің арқасында корпоративтік даму жөніндегі директор, содан соң корпоративтік жоспарлау жөніндегі аға вице-президент болды, ал қазіргі уақытта жоспарлау жөніндегі Атқарушы директор болып табылады. «Болашақ» халықаралық стипендиясы бойынша Шығыс Каролина университетін (АҚШ) тәмамдап, іскерлік әкімшілік ету магистрі (MBA) дәрежесін алды. Сондай-ақ оған Тулуза бизнес мектебінің (Франция) аэроғарыш саласындағы іскерлік әкімшілік ету магистрі (MBA) дәрежесі берілді.



Ибрагим Жанлыел Қаржы жөніндегі атқарушы директор

Ибрагим – «Эйр Астана» әуе компаниясында 2003 жылдан бастап жұмыс істейтін алғашқы қызметкерлердің бірі. Компанияда жұмыс істеу кезінде әр түрлі лауазымдарды атқарды. Ол өзінің мансап жолын 25 жыл бұрын туризм индустриясында бастады және авиациялық бизнесте 20 жылдық жұмыс тәжірибесі бар. «Эйр Астанаға» келгенге дейін KLM әуе компаниясында, Таяу Шығыста, содан соң Алматы қаласында әуе компаниясының Қазақстандағы және көршілес елдердегі өкілдігінде жұмыс істеген. Ибрагим Қазақстанның Еуропалық бизнес-қауымдастығы Директорлар кеңесіне мүшелігінің үшінші мерзімін атқаруда. Ол Boğaziçi University университетінің (Стамбул) MBA дипломына ие, сондай-ақ Marmara University университетінде экономикалық білім алған.



Энтони Реган Өндірістік мәселелер жөніндегі атқарушы директор

Энтонидің авиациондықта 35 жылдан астам жұмыс тәжірибесі бар. 2012 жылы «Эйр Астана» АҚ-на келгенге дейін ол Air France-KLM еуропалық холдингтік әуе компаниясының Cityjet еншілес компаниясында (2001 жылдан бастап) ұшу өндірісі жөніндегі басшы болды. Бұған дейін CAE Parc Aviation (әуе компаниялары үшін ұшқыштар құрамын және жердегі жұмыскерлерді даярлау ұйымы) директоры болды. Мансап жолының бастапқы кезеңінде Энтони Ирландияның әуе корпусында (Ирландияның қорғаныс күштері) ұшқыш болып жұмыс істеген, онда операциялық қызмет бойынша бірқатар лауазымдарды, соның ішінде ұшулар жөніндегі бас нұсқаушы лауазымын атқарды. Зейнетке комендант атағында шықты. Ол қолданыстағы EASA және FAA ATPPL көліктік авиация ұшқышы лицензиясына ие. Энтони – математика және математикалық физика саласындағы Дублин университеттік колледжінің түлегі.



Герхард Коетци Корпоративтік қауіпсіздік стандарттарына сәйкестікті қамтамасыз ету жөніндегі аға вице-президент

Еңбек жолын әскери-әуе күштерінің штурманы ретінде бастаған Герхард оқиғалардың білікті тексерушісі болып табылады, оның (авиациялық) қауіпсіздік бағдарламасын

Компания басшылығы Директорлар кеңесі қабылдаған мақсаттар мен стратегиялардың табысты жоспарлануы және іске асырылуы үшін, сондай-ақ Компания қызметінің тұрақты басқарылуы және негізгі міндеттердің орындалуы үшін жауап береді.

басқару, экипаж ресурстарын басқару және ұшу схемаларын әзірлеу біліктілігі бар. Коммерция бакалавры дәрежесіне, Оңтүстік Африка университетінің көлік экономикасы бойынша үздік дипломына ие. Соңғы 25 жылда ұшу қауіпсіздігі саласында, соның ішінде BAE Systems компаниясының басқарушы консультанты ретінде белсенді жұмыс істеді.



Евгения Ни

Персоналды басқару және әкімшілік мәселелер жөніндегі вице-президент

Е.А. Букетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университетінің шет тілдер факультеті мен заң факультетін тәмамдады. Менеджмент және персоналды басқару саласындағы дипломдары мен сертификаттары бар. 2002 жылдан бастап «Эйр Астана» әуе компаниясы президентінің ассистенті болып жұмыс істеді, қазіргі уақытта Компанияның еңбекті қорғау бөліміне, әкімшілік-шаруашылық басқармасына, сондай-ақ көлікпен қамтамасыз ету мәселелеріне де жетекшілік ететін персоналды басқару департаментін басқарады. Ол басшылық еткен жылдар ішінде персоналды іріктеудің, корпоративтік оқытудың ашық жүйесі құрылды, қызметкерлердің жұмысын бағалау және сыйақы төлеу жүйесі енгізілді. Сарапшы, модератор, спикер ретінде кәсіби конференциялар мен конгрестерге тұрақты түрде қатысып отырады.



Чаминдра Ленава

Ақпараттық технологиялар және электрондық бизнесті дамыту жөніндегі вице-президент

Чаминдра «Эйр Астана» компаниясына 2009 жылы қосылды. Ол IT саласындағы кәсіби маман болып табылады, үш ұлттық әуе компаниясында басқарушылық тәжірибесі бар. Авиация индустриясындағы мансап жолын бастағанға дейін электроника және телекоммуникациялар саласындағы зерттеулермен университетте жұмыс істеген. Іскерлік әкімшілік ету магистрі (Коломбо университеті), заң ғылымдарының бакалавры (Лондон университеті), электрондық және телекоммуникациялық технологиялар саласындағы ғылымдар бакалавры (Моратува университеті) дәрежесіне ие. Сонымен қатар, Чаминдра – жобаларды басқару саласындағы PMP (Project Management Professional, PMI USA) дәрежесіне ие сертификатталған маман және Британдық компьютерлік қоғамдастықтың ақпараттық технологиялар жөніндегі дипломды маманы (CITP). Чаминдраның IT әр түрлі салаларындағы сертификаттары бар және ол брондау, билеттерді рәсімдеу жүйелері, жөнелтімдерді және бизнес-процестерді басқару жүйелері саласындағы кәсіби маман болып табылады.



Бэлла Тормышева

Корпоративтік коммуникациялар жөніндегі вице-президент

Халықаралық қатынастар магистрі дәрежесіне ие. Жұртшылықпен байланыс және ақпарат-

тық-мәдени қызмет саласында 20 жылдан астам жұмыс тәжірибесі бар. Сондай-ақ Қазақстаннан тыс жерлерде өткізілген көптеген оқу тренингтеріне қатысты.

«Эйр Астана» әуе компаниясына келгенге дейін Қазақстан Республикасында, Қырғыз Республикасында және Тәжікстан Республикасында аккредиттелген Еуропалық комиссия өкілдігінде жұмыс істеді.



Ердәулет Шәмшиев

Стратегиялық даму жөніндегі вице-президент

Ердәулет «Эйр Астана» компаниясында жұмыс істеп бастаған алғашқы қызметкерлердің бірі болып табылады, оның авиацияда 20 жылдан астам жұмыс тәжірибесі бар. Әуе компаниясына 2002 жылы компанияның Пекиндегі өкілдігінің директоры ретінде қосылды. 2009 жылы Компанияның Қытайдағы және Монғолиядағы аймақтық менеджері болып тағайындалды. Қазіргі уақытта стратегиялық даму жөніндегі вице-президент лауазымын атқарады. «Эйр Астана» әуе компаниясына келгенге дейін Ердәулет Алматы қаласының Халықаралық әуежайында, сондай-ақ «Эйр Қазақстан» әуе компаниясында жұмыс істеді. Пекин тіл және мәдениет институтын және Алматы қаласындағы Азаматтық авиация академиясын тәмамдады.

Ескертпе: Бөлімде Вице-президент деңгейіне дейінгі жоғарғы басшылық мүшелерінің өмірбаяндары берілген. Жоғарғы басшылық мүшелерінің толық тізімі Компания веб-сайтында қолжетімді: <https://airastana.com/global/ru-ru/0-nas/0-kompanii/Rukovodstvo-Eir-Astany>